

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 619 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық мүлік "Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес республикалық мүлік "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 21 тамыздағы
№ 619 қаулысына
1-қосымша

"Казахстанская правда" республикалық газеті" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге республикалық меншіктен берілетін мүлік

Р/с №	Мүліктің атауы	Мекенжайы	Ауданы (ш.м.)	Кадастрлық нөмірі
1	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1-үй, № 275-пәтер	32,7	21:319:016:766:24/1:275
2	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1 -үй, № 286-пәтер	56,0	21:319:016:766:24/1:286

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 21 тамыздағы

**"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамының акцияларын
төлеуге республикалық меншіктен берілетін мүлік**

Р/с №	Мүліктің атауы	Мекенжайы	Ауданы (ш.м.)	Кадастрлық нөмірі
1	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1-үй, № 284-пәтер	49,8	21:319:016:766: 24/1:284
2	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1 -үй, № 285-пәтер	32,4	21:319:016:766: 24/1:285
3	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1 -үй, № 306-пәтер	55,8	21:319:016:766: 24/1:306
4	Пәтер	Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 24/1 -үй, № 312-пәтер	82,9	21:319:016:766: 24/1:312